

БҰЙРЫҚ



ПРИКАЗ

**SYRDARIYA**  
university

№

6

«17» қаңтар 2022 жыл

**2021/2022 оқу жылында көктемгі семестрдегі  
оқу үдерісін ұйымдастыру туралы**

«Сырдария» университетінің аумағында коронавирустық инфекция таралуының алдын алу шараларын іске асыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында көктемгі семестрдегі оқу үдерісі келесі тәртіппен ұйымдастырылсын:

1. Бакалавриат пен магистратурадағы білім алушылар үшін теориялық оқу 2022 жылдың 24 қаңтары болып бекітілсін.

2. Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары бойынша оқитын студенттер үшін оқу үдерісі аралас форматта ұйымдастырылсын: дәрістер – онлайн, санитарлық режим мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қолданбалы сипаттағы семинар, практикалық және зертханалық сабақтар – дәстүрлі.

3. Өндірістік практика офлайн режимде жүргізілсін.

4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер оқуды қашықтықтан оқыту форматында жалғастырсын.

5. Магистранттардың теориялық оқуы (қажет болған жағдайда) қашықтықтан және аралас оқыту форматтарында жалғассын.

6. Сабақ барысында студенттердің аудиторияларда бетперде кию міндеттеліп, медициналық қызмет бөлімінің тарапынан қадағалансын.

7. Білім алушыларды аудиториялардың 50% толымдылығына сәйкес жатақханаға орналастыру есепке алынсын.

8. Медициналық көрсетілімдер болған студенттер және емдеуші дәрігердің қорытындысы негізінде тәуекел тобындағы (жүкті, бала емізетін және т.б.) студенттер өтініш негізінде қашықтықтан оқытуды жалғастырсын.

9. Қашықтықтан оқыту форматында өтілетін сабақтар үшін Platonus, Moodle, Zoom және WebEx платформалары негізге алынсын.

10. Университет аумағына, оқу корпустарына, кітапханалар мен жатақханаларға кіру кезінде Ashyq қосымшасын міндетті түрде пайдалану талап етілсін.

11. 50-ден астам адам қатысатын мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын.

002177

12. Студенттер мен университет қызметкерлері арасында COVID-19-ға қарсы вакцинацияның маңыздылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

13. Санитарлық-дезинфекциялық режим қамтамасыз етілсін (қолды өңдеуге арналған антисептиктер мен дезинфекциялық құралдардың болуы, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып дымқыл тазалау, желдету).

*Негіздеме: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Аппарат басшысы Қ. Сәрсембаевтың 15.01.2022 жылғы №2-14-2/140-И нұсқаулық хаты, Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы №1 Түркістан облысының аумағында карантиндік режимді ұзарту және коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау жөніндегі шектеу шаралары туралы қаулысы.*

Ректор



Б.С. Тоқмұрзаев